

"Аукциондарда мемлекеттік акциялар пакеттерін сату тәртібі туралы" Ережені бекіту туралы" <*> ЕСКЕРТУ. Мәтінінде сөздер ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен.~V970386

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 7 ақпан N 37 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 19 ақпанда N 153 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2000 жылғы 25 тамыздағы N 195 бұйрығымен.

<ATTR name="zg" value=""Аукциондарда мемлекеттік акциялар пакеттерін сату тәртібі туралы" Ережені бекіту туралы"

; ЕСКЕРТУ. Мәтінінде сөздер ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен.~V970386"/>

;

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 23 желтоқсандағы " Жекешелендіру жөнінде" Заң күші бар Жарлығын орындау үшін және аукциондарда мемлекеттік акциялар пакеттерін сату тәртібін үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті қаулы етеді:<*>

1. Ұсынылатын Аукциондарда мемлекеттік акциялар пакеттерін сату тәртібі туралы Ережесі бекітілсін.

2. Аукциондарда мемлекеттік акциялар пакеттерін сату жоғарыда аталған Ережеге сәйкес жүзеге асыру керектігі белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы комитетінің 1995 жылғы 9 тамыздағы N 60 жекешелендіру жөніндегі қаулымен бекітілген, және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитетінің 1995 жылғы 10 қарашадағы N 148 "Жекешелендіру жөніндегі" қаулысына 1995 ж. 25 тамызда енгізілген өзгертулер мен толықтырулар мен келісілген "Ашық аукциондарда мемлекеттік акциялар пакеттерін сату тәртібі жөніндегі уақытша Ереже" күшін жойған деп танылсын.

4. Мемлекеттік акциялар пакеттерін сату Басқармасы акционерлік қоғамдарының бастығы К.С.Құттыбаеваға және әлеуметтік инфрақұрылым

объектілерін жекешелендіру Басқармасының бастығы Н.Ж.Махимовқа 1996 ж. 1 наурызға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру жөніндегі" заң күші бар Жарлығына және "Аукциондарда мемлекеттік акциялар пакеттерін сату тәртібі жөніндегі Ережеге" аукциондарда мемлекеттік акциялар пакеттерін сату тәртібін реттейтін нормативтік актілер мен нұсқауларға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізілсін.

5. Осы қаулы орындалуын бақылау Төраға орынбасарлары Ю.Е.Дуберманға және Т.С.Сарабековаға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Жекешелендіру жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1996 жылғы 7 қаңтардағы
N 37 қаулысымен

бекітілген

**Акциялардың мемлекеттік пакеттерін аукциондарда
с а т у т ә р т і б і т у р а л ы**
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы "Жекешелендіру жөніндегі" заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленген және акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін аукциондарда сату тәртібін реттейді.

1.1. Негізгі анықтамалар

Егер контексте өзге көзделмесе, ережеде мұнан былай анықталғандай, сөйлем мен сөздер мына мағыналарда болады:

1.1.1. "Сатушы" - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті;

1.1.2. "Ұйымдастырушы" - Сатушы немесе акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату аукционын дайындау мен өткізілуін ұйымдастыратын заңды немесе жеке тұлға;

1.1.3. "Қатысушы" - аукционға қатысушы үшін белгіленген тәртіпке тіркелген заңды немесе жеке тұлға;

< * >

1.1.4. "АҚ" - акционерлік қоғам;

1.1.5. "Сауда" - лоттар сатудың аукциондық түрі;

1.1.6. "Сауданың ағылшынша тәсілі" - алдын ала хабарланып, ең жоғарғы бағаны ұсынған жалғыз қатысушы қалған сәтке дейінгі алғашқы бағаның жоғарылау сауда тәсілі;

1.1.7. "Сауданың голланд тәсілі" - бір қатысушының лотты хабарланған бағамен сатып алуға келіскен сәтіне дейінгі алғашқы бағаның хабарланған қадаммен төмендеу сауда тәсілі;

1.1.8. "Лот" - саудаға шығарылатын нақты акционерлік қоғамның акцияларының бүтіндей саны;

1.1.9. "Лоттың ең төмен бағасы" - лот одан төмен бағаға сатылуға болмайтын баға;

1.1.10. "Лоттың алғашқы бағасы" - әр лот бойынша сауда басталатын баға;

1.1.11. "Сауда бағасы" - сауданың нәтижесінде белгіленген лоттың соңғы бағасы;

1.1.12. "Жеңуші" - саудада лот үшін ең жоғары баға ұсынған қатысушы;

1.1.13. "Сатып алушы" - сатушымен акцияларды сатып алу-сату шартын жасасқан жеңуші;

1.1.14. "Жеке тұлғалар" - Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар.

ЕСКЕРТУ. 1.1.4.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997.02.12. N 79 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 1.1-баптағы 1.1.4-тармағы алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі Департаментінің 1997.07.28. N 49 қаулысымен.

1.2. Сату объектісі

1.2.1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті сатуға берген, АҚ акцияларының мемлекеттік пакеттері сату объектісі болып табылады.<*>

Сату объектісін аукционға шығару туралы шешімді Сатушы қабылдайды.

1.2.2. Акциялардың мемлекеттік пакеті аукционға тұтастай, бір лотомен шығарылады және сату сауданың ағылшындық әдісімен жүзеге асырылады. Бұл пакет екінші аукционға шығарылған кезде сату сауданың голландтық әдісі бойынша тұтастай бір лотомен жүзеге асырылады. Үшінші және одан кейінгі аукциондарға шығарылған кезде мемлекеттік акциялардың пакеті Сатушының шешімі бойынша АҚ жарғылық капиталының 10 %-інен аспайтын лоттарға бөлшектелуі мүмкін және оны сату сауданың голландтық әдісі бойынша жүзеге асырылады. < * >

ЕСКЕРТУ. 1.2.2.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 1998.03.30. N 154 қаулысымен.

1.2.3. Аукционға қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіпте акциялардың эмиссиясын тіркеген, АҚ акцияларының мемлекеттік пакеттері

шығарлады.

1.2.4. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатқан кезде қолданылып жүрген заңдар бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерге қоятын барлық талаптарды сақтауға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 1.2.2.-тармақ күшін жойды, 1.2.3.,1.2.4.-тиісінше 1.2.2. 1.2.3. болып саналды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997.02.12. N 79 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 1.2-бап жаңа 1.2.2.-тармақпен толықтырылды, 1.2.2.,1.2.3.- тиісінше 1.2.3., 1.2.4.-тармақтары болып саналды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі Департаментінің 1997.07.28. N 49 қаулысымен.

1.3. Сатушы мен Ұйымдастырушы

1.3.1. Сатушы акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатуды қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереже белгілеген тәртіпте жүзеге асырады.

1.3.2. Сатушының ерекше функциялары мыналар болып табылады:

- акциялардың мемлекеттік пакеттері аукционға шығарылатын АҚ-ның тізімін белгілеу;

- АҚ-ды бөлек аукциондар бойынша бөлу және оларды өткізу мерзімін анықтау;

- лоттың алғашқы және ең төмен бағасын белгілеу;

- кепілдік жарна қабылдау;

- аукциондарды ұйымдастыру мен өткізуге Ұйымдастырушылармен шартқа отыру;

- аукциондардың ұйымдастырылу мен өткізілу барысын бақылауды жүзеге асыру;

- сауда Жеңушісімен сауда-саттық шартқа отыру және олардың орындалуын бақылау;

- екінші және кейінгі аукциондарға шығарған кезде акциялардың пакеттерін лоттарға бөлу;

- Қатысушылармен, Сатып алушылармен және Ұйымдастырушылармен есептесуді жүзеге асыру.

1.3.3. Сатушы аукционды өз бетінше ұйымдастырады және өткізеді немесе бағалы қағаздардың нарығында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығына бірінші санаттағы лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалармен акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату бойынша аукцион ұйымдастыруға және өткізуге шарт жасасады (делдалдық және дилерлік қызметті жүзеге асыру).

Сатушы осы Ереженің 1.3.2. бабында көрсетілген функцияларды шар бойынша беруге құқылы емес.

1.3.4. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату туралы аукционды ұйымдастыру және жүргізу шарты Сатушы мен Ұйымдастырушы арасында

- жазбаша түрде жасалады және мына мазмұнды қамту керек:
- Ұйымдастырушы лицензиясының күні, нөмірі және қолданылу мерзімі;
 - жеке аукциондар бойынша бөлінген акциялардың мемлекеттік пакеттерінің тізімі;
 - аукционды өткізудің соңғы мерзімдері;
 - әрбір АҚ бойынша акциялардың мемлекеттік пакеттері көлемі;
 - лоттардың саны;
 - әр лотты сатудағы сауда өткізу әдісі;
 - әр лоттың алғашқы немесе ең төменгі бағасы;
 - кепілдік жарнаның мөлшері мен оны енгізу тәртібі;
 - әрбір АҚ бойынша Ұйымдастырушыға берілетін құжаттардың тізімі;
 - аукционды дайындау мен өткізу барысы туралы Ұйымдастырушы есебінің мезгілділігі мен түрі;
 - Ұйымдастырушының сыйақы көлемі мен шарттары және Сатушымен өзара есептесу тәртібі;
 - өзара міндеттемелік пен жауапкершілік;
 - шарттың қолданылу мерзімі мен оны бұзу шарттары.

1.3.5. Ұйымдастырушының сыйақы көлемі осы Ереженің 4.2. бабының тәртіптеріне сәйкес, Сатып алушы аванстық төлем жүргізілу, әр лоттың сатылу бағасынан кем дегенде 5 процентін құрайды.

1.4. Аукционға қатысушы

1.4.1. Аукционға қатысуға жеке тұлғалар осы Ереженің 2.5. бабымен белгіленген тәртіпте тіркеуден өткен мемлекеттік емес заңды және шетелдік заңды тұлғалар жіберіледі.

1.4.2. Аукционға қатысушылар бола алмайтындар:

- а) жарғылық қордағы мемлекеттік меншік үлестері 20 проценттен астам шаруашылық серіктестіктер;
- б) аукционды ұйымдастырушы;
- в) акциялары саудаға шығарылатын АҚ;
- г) сатып алу-сату шартын жасасу мен орындау бойынша тиісті міндеттерін орындамаған алдыңғы саудаларды жеңушілер.

1.4.3. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатқан кезде Сатып алушы - акционерлік қоғам акционерлік қоғамның акцияларының 25 процентінен артық сатып ала алмайды, егер соңғысы Сатып алушының акцияларына ие болса.

1.4.4. Аукционға кіру билетін сатып алған барлық тілек білдірушілер қатысуға құқылы. Бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыскерлері кіру билеттеріне ақы төлеуден босатылады.

II. Аукционды өткізуге дайындық

2.1. Аукционға дайындықтың тәртібі

2.1.1. Аукционды өткізуге дайындық мына тәртіпте жүзеге асырылады:

- лоттар қалыптастырылады;
- лоттардың алғашқы және ең төменгі бағалары белгіленеді;
 - әр лотты сату әдісі белгіленеді;
 - лоттар жеке аукциондар бойынша бөлінеді;
 - кепілдік жарна енгізу көлемі мен тәртібі белгіленеді;
 - аукциондарды өткізу мерзімдері анықталады;
- қажет болса, акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату бойынша аукционды ұйымдастыру мен өткізуге шарт жасасу құқығына тендер өткізіледі;
- сату проспектілері, ақпараттық бюллетеньдер, аукциондық карталар АҚ-ға бару графиктері жасалады;
- аукцион өтетіндігі туралы ақпараттық хабар жарияланады және басқа жарнамалық қызмет жүзеге асырылады;
 - кепілдік жарналар қабылданады;
 - қатысушыларды тіркеу жүргізіледі.

2.2. Лоттардың алғашқы және ең төмен бағалары

2.2.1. Мемлекеттік акция пакеті мемлекеттік акциялар пакеттерінің бағасын реттейтін нормативтік-құқықтық акт қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актіге сәйкес белгіленген есептік бағадан 10% төмен емес деңгейде анықталатын ең төменгі бағадан егер сауда өткізуде бұл ең төменгі баға белгіленген болса, төмен сатылмайды. Голландық тәсіл бойынша ең төменгі баға белгіленбейді.<*>

ЕСКЕРТУ. 2.2.1.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996.04.09. N 134 қаулысымен .

2.2.2. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін ағылшынша тәсілмен сатқан кезде алғашқы баға акциялардың мемлекеттік пакеттерінің есеп айырысатын ең төмен бағасына тең.

2.2.3. Сауданың голландық тәсілі бойынша мемлекеттік акциялар пакеттерін сатуда ең алғашқы баға жоғарылайтын коэффициентке нормативтік-құқықтық актіге сәйкес анықталған есептік бағаны көбейту жолымен анықталады. Бұл коэффициент Сатушы арқылы белгіленеді, бірақ 10-төмен төмен болмайды.<*>

ЕСКЕРТУ. 2.2.3.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996.04.09. N 134 қаулысымен .

2.3. Кепілдік жарна

2.3.1. Кепілдік жарна Қатысушының мына міндеттерінің қамтамасыз етілуі болып табылады:

- саудада жеңген жағдайда сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қою;
- сауда нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес сауда-саттық шарт жасасу;
- сауда-саттық шарт бойынша міндеттерді тиісті түрде орындау.

2.3.2. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна аукционға шығарылатын акциялардың (лоттардың), барлық мемлекеттік пакеттері үшін бірдей көлемде белгіленеді және мына әдістемемен есептелінеді:

а) әрбір лот бойынша:

- лоттың алғашқы бағасынан - сауданың ағылшын тәсілі бойынша;
- қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актіге сәйкес анықталған лоттың есептік бағасынан - сауданың голландық тәсілі бойынша - 5-15% дейін (сатушы бойынша) анықталады; < * >

б) осы баптың "а" тармағындағы алынған орта арифметикалық көлемі белгіленеді;

в) аукционға шығарылатын лоттардың санынан аз ең алғашқы немесе төмен бағасы белгіленеді;

г) кепілдік жарнаның көлемі осы баптың "б" және "в" тармақтарындағы алынған мөлшерлердің ең азына тең қабылданады.

ЕСКЕРТУ. 2.3.2.-тармақ өзгертілді - ҚР жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996.04.09. N 134 қаулысымен .

2.3.3. Қатысушылар кепілдік жарналардың кез келген санын енгізуге құқылы, мұнда бір кепілдік жарна бір лот сатып алу құқығын береді.

2.3.4. Кепілдік жарна ақпараттық хабарда белгіленген және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес түрде және тәртіпте енгізіледі. Кепілдік жарнаның көлемі ақпараттық хабар жарияланғаннан кейін өзгеруі мүмкін емес. Кепілдік жарна Қатысушының атынан кез келген басқа жеке немесе заңды тұлғамен енгізілуі мүмкін. Кепілдік жарнаның алушысы Сатушы болып табылады.

2.3.5. Саудада жеңген және сауда-саттық шартты жасаған Қатысушының кепілдік жарнасы сауда-саттық шарты бойынша тиесілі төлемдердің есебіне жатады .

2.3.6. Кепілдік жарна Сатушыға мына жағдайларда қайтарылмайды:

- оның өткізілуіне кем дегенде үш күн қалғанда аукционға қатысудан бастартса ;

- Жеңуші сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан не сауда-саттық шартты жасасудан бастартса ;

- сауда-саттық шарт бойынша міндеттемелерді орындамаса немесе тиісті емес орындаса ;

- Қатысушының осы Ережемен және Қазақстан Республикасының заңдары мен оған қойылатын талаптарға байқалған сәйкессіздігінде.

Барлық қалған жағдайларда кепілдік жарналар аукцион аяқталған күннен бастап 5 банктік күннен асырмай, ал егер ақша аукционнан кейін Сатушының есебіне түссе, онда олардың түскен күнінен бастап 5 банктік күн аралығында қайтарылады .

2.4. Ақпараттық хабар және басқа жарнамалық материалдар

2.4.1. Аукционды өткізу туралы ақпараттық хабар аукционның өткізілуіне дейін кемінде 30 күн қалғанда жариялануға тиіс:

а) барлық жағдайларда республикалық ресми баспасөзде қазақ және орыс т і л д е р і н д е ;

б) облыстық баспада, соның ішінде, егер АҚ осы облыста орналасқан болса (соның ішінде Алматы облысында) және немесе оның аумағында өткізілсе.

2.4.2. Ақпараттық хабар кемінде 200 кв.см. көлемінде болуға тиіс.

2.4.3. Ақпараттық хабарда мыналар болуға тиіс:

- аукционның өткізілу күні, жері мен уақыты;
- акциялары саудаға шығарылатын АҚ-ның атауы, қызметінің негізгі профілі мен м е к е н - ж а й ы ;

- әр АҚ бойынша шығарылатын лоттардың көлемі (жарғылық қордың п р о ц е н т і м е н) ;

- әр лот бойынша сауда өткізу тәсілі;
- саудаға шығарылатын лоттардың алғашқы және ең төмен бағасы;
- кепілдік жарнаның көлемі мен алушының есеп айырысатын шоты;
- өтініштер қабылдайтын жер мен мерзімі;
- сату проспектілері, ақпараттық бюллетеньдер, аукционды өткізу тәртібі мен өзге ақпарат алуға болатын жердің телефондары мен мекен-жайлары;
- Сатушының шешімімен басқа қосымша ақпарат.

2.4.4. Әр ақпараттық хабар жарияланатынынан бұрын мыналарды дайындау к е р е к :

а) АҚ-ның қаржы-экономикалық жағдайын бағалау және оның бағалы қағаздарына капитал салу нәтижелілігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті АҚ туралы ақпарат бар және мына көшірмелерден тұратын сату проспектісі:

- акциялардың мемлекеттік пакеттерін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінен Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне қ а б ы л д а у - б е р у а к т і с і ;

- құрылтайшы құжаттар;
- акциялардың эмиссиясы проспектісі мен эмиссияны тіркеу туралы куәлік;
- осы АҚ акциялардың мемлекеттік пакеттерін аукционға шығару туралы Сатушымен шешім қабылдаған күнге дейін соңғы есеп беру мерзімінің қосымшаларымен бухгалтерлік баланстары.

а) сату проспектісінде, сондай-ақ басқа қосымша мәліметтер (инвесторға қауіп туғызатын факторлардың талдауы кәсіпорында техникалық қайта жабдықтаудың болуы мүмкін варианттар туралы мағлұматтар, осындай қайта жабдықтаудан кейінгі оның пайдалылығының есептері, өндіру үшін қажетті

инвестициялардың көлемін бағалау, өндірілген өнімнің дүниежүзілік немесе ішкі және тағы басқа рыноктарындағы болашақты бағалау және т.с.с.) болуы мүмкін.

б) ақпараттық бюллетень ақпараттық хабарландыруда болатын барлық негізгі мәліметтерді және АҚ туралы басқа да қосымша ақпаратты (өнім шығару көлемін, шикізат пен өтім рыноктарын, негізгі қорлардың сипаттамасын және б а с қ а д а) қ а м т и д ы .

Бюллетень Сатушы белгілеген міндетті түрде жіберу тізіміне сәйкес ақпараттық хабарландыру жарияланғанға дейін жіберіледі.

в) әрбір қатысушыға тіркеу сәтінде берілетін детальды сипатталғандардың тізімін қамтитын, аукционға шығарылатын аукциондық карта.

г) А Қ б а р у г р а ф и г і .

2.4.5. Ақпараттық хабар жарияланғаннан кейін Ұйымдастырушы АҚ ақпаратқа, сату объектісі мен аукционды өткізу ережелері туралы ақпаратқа барлық тілек білдірушілерге еркін кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

2.4.6. Жарнаманың басқа түрлері еркін түрде жүзеге асырылады, әрі ең көп Қатысушыларды шақыруға бағытталуға тиіс.

2.5. Қ а т ы с у ш ы л а р д ы т і р к е у

2.5.1. Аукционға қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап жүзеге асырылады және аукционға бір сағат қалғанда аяқталады.

2.5.2. Аукционға Қатысушы ретінде тіркелу үшін:

- аукционға қатысуға арыз;
- төлқұжат немесе адамды куәландыратын өзге құжат;
- кепілдік жарна қосқанын растайтын төлеу құжаттың түпнұсқасы және к ө ш і р м е с і н ;
- өкілдің өкілдігін куәландыратын құжатты тапсыру керек.

З а ң д ы т ұ л ғ а л а р :

- заңды тұлғаны тіркеу туралы жарғы мен куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмелерін қосымша ұсынады.

АҚ олардың акцияларына (ақпараттық хабарды жариялау сәтіне дейін) ие, жарғылық қордағы мемлекет үлесі туралы және АҚ туралы ақпаратты қамтитын акционерлер тізіміне көшірмені қосымша ұсынады.

2.5.3. Сатушы мен Ұйымдастырушының:

- Қатысушыдан оның аукционға шығарылғандар санынан сол және басқа лоттарды алу ойлары туралы ақпаратты талап етуге;

- сауданы дайындау және өткізудің бүкіл кезеңі ішінде сауда қатысушыларына қатысты ақпаратты жаймауға;

- осы Ереженің 2.5.2. тармақтарында көрсетілгендерден басқа қатысушы ретінде тіркеу үшін қосымша құжаттарды ұсынуды талап етуге құқтары жоқ.

2.5.4. Тіркеуден өткен адам аукцион күні аукциондық нөмірге

айырбасталатын қатысушы билетін алады, сауда кезінде басқа адамның аукциондық нөмірді пайдалануына тыйым салынады.

III. Аукционды өткізу

3.1. Аукционды Аукционшы жүргізеді. Аукцион оны өткізу ережелерін хабарландырудан басталады. Қатысушылар мен қатысатын адамдар аукцион барысына әсер етуге немесе оны жүргізу ережелерін бұзуға құқықтары жоқ, олай болмаған күнде олар аукцион жүргізілетін залдан кетулері керек.

Саудаға лоттарды шығару жүйелілігі туралы шешімді Аукционшы қабылдайды. Бұл тәртіп аукциондық картада белгіленген тәртіпке сәйкес келмеуі мүмкін.

3.2. Әрбір лот бойынша сауда Аукционшының сату объектісін, оның қысқаша сипаттамасын, сауда жүргізу әдісінен, алғашқы бағасынан және бағаны өзгерту қадамын хабарландырудан басталады. Аукционшы бұл жөнінде хабарлай отырып, сауда процесінде қадамын өзгертуге құқылы. Өзгеру қадамы лоттың ағымдағы бағасының 5-тен 10% дейінгі көлемінде белгіленеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 3.2.-тармақ толықтырылды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997.02.12. N 79 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3.2.-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі Департаментінің 1997.07.28. N 49 қаулысымен.

3.3. Сауда төменде көрсетілген әдістердің біреуі бойынша жүргізіледі:

3.3.1. Сауданың ағылшынша тәсілі:

- Аукционшы лоттың алғашқы бағасы мен бағаның өсу қадамын жариялайды. Саудаға қатысушылар нөмірді көтере алғашқы бағаны көтереді, бірақ хабарланған қадамнан кем емес. Аукционшы лоттар бойынша саудаға қатысушылардың аукциондық нөмірлерін хабарлайды, бағаны бекітеді және оны көтеруді ұсынады. Лоттар бойынша сауда ең жоғарғы ұсынылған бағаға дейін барады. Лот үшін ең жоғарғы бағаны ұсынған Қатысушы Аукционшы болып хабарланады. Аукционшы лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа нөмірлер көтерілмесе балғаның соққысымен осы лоттың сатылғандығы туралы хабарлайды. <*>

Егер кемі екі қатысушы лоттың бастапқы бағасын бағаны екі қадамнан кем емес арттырған жағдайда ғана лот бойынша сауда жасалған болып саналады.<*>

ЕСКЕРТУ. 3.3.1.-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997.02.12. N 79 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3.3.1.-тармақ екінші абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі Департаментінің 1997.07.28. N 49 қаулысымен.

3.3.2. Сауданың голландтық тәсілі:

- Аукционшы лоттың алғашқы бағасын хабарлайды және жаңа баға жариялай отырып, оны жарияланған қадаммен төмендетеді. Аукционшы жарияланған баға бойынша аукциондық нөмірін бірінші көтерген Қатысушы нөмірін атайды және балға соққысымен осы лот бойынша оны Жеңуші деп жариялайды. Егер Аукционшымен лоттың ең төмен бағасын хабарлағанда Қатысушылардың біреуі де осы лотты алуға тілек білдірмесе, онда лот саудадан алынады.

Егер оның өткізілу сәтіне дейін пайдаланылмаған кепілдік жарнасы бар тек бір ғана тіркелген қатысушы қалса, лот тек жалғыз қатысушыға сатылуы мүмкін үшінші және одан кейінгі саудалардан басқа жағдайларда лот бойынша сауда жасалмаған болып саналады. <*>

Егер бір уақытта бір немесе одан да көп нөмірлер көтерілген жағдайда кім нөмірін бірінші көтерілгендігі жайлы шешімді Аукционшы қабылдайды және Қатысушылар онымен таласуға құқы жоқ. Ерекше жағдайларда Аукционшы жеребе процедурасына келуге құқылы.

Сауданың осы тәсілі электронды жүйені пайдаланумен жүзеге асырылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 3.3.2.-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі Департаментінің 1997.07.28. N 49 қаулысымен.

3.4. Әрбір сатылған лот бойынша сауда қорытындылары Ұйымдастырушы, Аукционшы және Жеңуші қол қоятын сауда қорытындылары туралы хаттамамен әрбір лот бойынша сауда аяқталған соң дайындалады. Аукционшы хаттамаға қол қою үшін үзіліс жариялауға құқылы. Хаттама үш данада жасалады, Сатушыға, Сатып алушыға және Ұйымдастырушыға бір-бірден. Ұйымдастырушы Сатушыға сауда нәтижелері туралы хаттаманың бір данасын аукционды өткізуден бір күн кешіктірмей беруге міндетті.

3.5. Сауда қорытындылары туралы хаттама сауда нәтижелері мен Жеңуші және Сатушының сату бағасы бойынша мемлекет акциялар пакетін сатып алу-сату шартын жасау міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады. Жеңуші хаттамаға қол қойған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей, сатып алу-сату шартын жасауға құқылы, мерзімі өтіп кетсе бұл құқық жойылады.

3.6. Лот аукционда сатылмай қалған жағдайда осы Ереженің 1.2.2. баптарында жазылған процедураларға сәйкес келесі аукциондарға қайта шығарылады.

IV. Сатып алушылармен есептеу тәртібі және меншік құқығын ресімдеу

4.1. Акциялардың мемлекеттік пакетін сатып алу-сату шартын Сатушы мен Сатып алушы арасында жазбаша түрде жасалады және онда шарт жасасу негізі

ретінде сауда қорытындылары туралы хаттамаға сілтеме болуы керек.

4.2. Сатып алу-сату шарты бойынша есептесулер Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалады, мұндайда Сатып алушы мынадай тәртіпте есептесу жүргізеді:

а) аванс төлемі акцияларды сату бағасынан кемінде 15 проценті көлемінде сатып алу-сату шартына қол қойған күннен бастап 5 банктік күннен кешіктірмей енгізіледі. Кепілдік жарна аванс төлеміне тиісті есепке кіреді;

б) қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей енгізілуі керек.

4.3. Соңғы төлемді 5 банктік күнге ұзартқан жағдайда, Сатушы біржақты тәртіппен шартты бұзуға және Сатып алушыдан кепілдік жарнамен табылмаған бөлікте нақты залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

4.4. Акциялардың мемлекеттік пакетін толық төлеп болғаннан кейін сатып алу-сату процедурасы, акциялар меншік иесінің өзгеру туралы тізбеде сәйкес жүргізілуін АҚ бағалы қағаздар ұстаушыға тіркеуші-тізбе жетекшісіне тапсыратын акцияларды қабылдау-беру актісіне қол қоюмен аяқталады.

4.5. Сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша акцияларға меншік құқы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі және Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" заң күші бар Жарлығымен көзделген тәртіпте ымыраласуларды тіркеу сәтінен басталады.

V. Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан түскен қаражаттар

5.1. Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан түскен қаражаттар Қазақстан Республикасы Үкіметімен анықталатын аукционды ұйымдастыру және өткізу шығындарынан басқа мемлекеттік бюджет пайдасына жіберіледі.

5.2. Ұйымдастырушыға берілетін сыйақы Сатушының аукционды дайындау мен өткізу шығындарына енгізіледі.

5.3. Аукционды жүргізуге байланысты ақпараттық және жарнамалық материалдарды сатудан және кіру билеттерін сатудан түскен табыстар Ұйымдастырушының иелігінде қалады.